

## Ертіс өңірінің киелі кеңістігі: тарихи жады мен ұлттық бірегейлік

Мәди И. Рахимов<sup>1</sup>, Айгуль М. Турлыбекова<sup>2</sup>

Торайғыров университет, Павлодар, Қазақстан

\*Corresponding author:

turlybekovaam@mail.ru

<sup>1</sup><https://orcid.org/0000-0001-8712-2876>

<sup>2</sup><https://orcid.org/0000-0001-5671-9119>

DOI: 10.32523/2616-7255-2022-140-3-89-105

**Аңдатпа.** Мақала Ертіс өңірінің киелі орындарын зерттей отырып, тарихи жадыны жаңғырту мен ұлттық бірегейлік мәселелеріне арналады. Сарыарқаның Ертіс өңірі – сонау ерте заманнан келе жатқан мәдениеттің тұтасқан жері.

Мақаланың басты мақсаты – кешегі өткен Кеңестік тоталитарлық кезеңнің салдарынан ұмыт қалған киелі жерлер жайында мәліметтер беру. Дін – апиын деген тарихи сөздің байыбына бармай жалаң ұрандатып, кеңестік билік қазақ халқының наным-сеніміне, діни көзқарастарына қарсы саясат қолданды. Атеистік саяси бағыт ұстанған әміршіл-әкімшіл үкіметтің сыңаржақ әрекеті салдарынан көненің ізімен жалғасып келе жатқан қазақ халқының дәстүрлі рухани жүйесі бұзылды, әулие әнбие есімдері ескерусіз қалды, киелі орындар жабылып, ұлттық сананың біржола өшу қаупі төнген еді. Саяси қудалауға түсіру мен идеологиялық науқандардың нәтижесінде халықтың санасы қияли коммунизм идеясымен уландырылып, әдет-ғұрып пен дәстүрлер ұмыттырыла бастады. Сол тарихи жібі үзілген кезеңнің жадысын қалпына келтіру, өткенді қайта жаңғырту – заман талаптарынан туындаған ақиқат деп білеміз. Сондықтан саяси процестері кезінде қазақ халқының ұлттық тарихи жадының тұтастығын сақтауда Ертіс өңіріндегі киелі орындардың тарихи-мәдени рөлі жайлы бұл мақалада жан-жақты талданады. Жалпы Ертіс өңірі бойынша далалық материалдар көрсеткендей, киелі орындарға зиярат жасау ғұрпы қазақ қоғамының бөлінбес бөлшегі болып табылады. Сол себепті, бұл құбылысты қазақ халқының күнделікті өмірінен жасанды жою процесстері ешқандай жақсылыққа жеткізбейтініне көз жетіп тұр. Авторлар бұл мақалада дүниетанымдық, этнографиялық, топонимикалық мәліметтерге сүйене отырып, Ертіс өңірінің киелі жерлерінің орналасқан жерін анықтап, тарихи – мәдени маңыздылығын көрсетеді.

**Түйін сөздер:** Ертіс; киелі; география; тарих; жады; ұлттық; қасиетті; жаңғыру; дін; ғұрып.

Received 10 June 2022. Revised 10 June 2022. Accepted 31 July 2022. Available online 30 September 2022.

For citation:

Rakhimov M., Turlybekova A. Sacred space of the Irtysh region: historical memory and national identity // Bulletin of the L.N. Gumilyov ENU. Historical sciences. Philosophy. Religion Series. 2022. – Vol. 140. – №. 3. – P. 89-105. DOI: 10.32523/2616-7255-2022-140- 89-105

Для цитирования:

Рахимов М., Турлыбекова А. Сакральное пространство Прииртышья: историческая память и национальная идентичность // Вестник ЕНУ им. Л. Гумилева Серия Исторические науки. Философия. Религиоведение. – 2022. – Т. 140. – №. 3. – С. 89- 105. DOI: 10.32523/2616-7255-2022-140-3-89-105

## **Кіріспе**

Қазіргі әлемдегі геосаяси өзгерістер мен жаңа жаһандық шындық жағдайында тарихи жадыны жаңғырту мен аймақтық және ұлттық бірегейлікті сақтау – өзекті мәселелер қатарына жатады. Жат деструктивті ағымдардың экстремистік әрекеттері немесе батыстан келген жаңа трендтер қоғамның санасын улап қана қоймай, ұлттық дәстүр мен өткен тарихты өшіруімен сипатталады. Онсыз да кеңес үкіметі кезінде тарих пен мәдениетімізді ұмыттыруға бағытталған жетпіс жылдық теріс саясат тіл мен дінді халықтан айыруға талпынды. Тәуелсіздікке қол жеткізгелі отыз жыл өтсе де, кеңестік идеологиялық сол саясат дертінен қоғам әлі айыға алмай келеді. Менің ойымша, тарихи жадыны қайта қалпына келтіру, жастарға дұрыс тәрбие беру, ұлттық дәстүр мен мәдениетті бойға сіңірумен қатар көнеден келе жатқан киелі орындарды зерттеп, насихаттаумен тығыз байланысты. Себебі, киелі орындар дәстүр мен дінді сақтаушы, өткен мен бүгінгі күнді жалғаушы «естелік орын» ретінде маңыздылыққа ие.

Сарыарқаның Ертіс өңірі – сонау ерте заманнан келе жатқан мәдениеттің тұтасқан жері. Бұл – рухани мол дүниенің зор қазынасы. Бұл өңір тарихта елеулі орын қалдырған біртуар дарындыларымен, ерекше көзге түсетін, кербез кесене мен ескерткіштерге тұнып жатқан жер. Көне дәуірлерден бастау алатын тарихи маңызды киелі орындар саны көптеп кездеседі. Оған Ертіс өңірінің табиғи және мәдени-тарихи қорларының көптігі Ертіс жазығының Еуразия кеңістігінде географиялық қолайлы жерде орналасуымен сипатталады. Сондықтан, Ертіс өңірінің киелі нысандары мазмұны мен типологиялық

белгілеріне қарай ерекшеленеді. Бұл бірінші кезекте халықпен қасиеттендірілген табиғи нысандар, географиялық ландшафттар және т.б. Келесі тарихи-мәдени мұрамен байланысты орындар: жартастағы бейнелеу өнері, тарихи оқиға орны, маңызды тарихи шайқас алаңы, көрнекті тарихи тұлғаның жерленген жері және т.б. Ерекше топқа діни-мінәжаттық нысандар жатады.

Географиялық аумақтық бөлініс бойынша Ертіс өңірі (жазығы) (белгілі бір аумақты жерді қамтитын территориялық бөлік) – Ертіс өзенінің екі жағы, Зайсан көлінен солтүстік-батысқа 550-600 шақырымға созылып жатыр. Өзеннің сол жағалауы Ертіс бойы, оң жағалауы Ертіс сырты деп аталады. Ені 80 шақырымнан 250 шақырымға кеңейеді. Яғни, әкімшілік-шекаралық бөлініс бойынша Шығыс Қазақстан облысы, Абай облысы және Павлодар облыстарын қамтиды.

Географиялық аумақтық бөлініс бойынша шығысында Бараба жазығы және Құлынды даласымен, оңтүстік-батысында Сарыарқамен, батысында Солтүстік Қазақстан жазығымен жалғасады (Қазақстан ұлттық энциклопедиясы, 1999: 156). Аталған географиялық аумақты қамту арқылы Ертіс өңірінің тарихи-мәдени киелі нысандарын терең зерттеу үшін тиімді деп ұйғарылды.

Ертіс өңірін зерттеу объектісі ретінде таңдау өлкенің бай тарихи мұрасымен байланысты. Өңірдің киелі орындары «Туған жер» және «Киелі география» бағдарламалары шеңберінде белсенді зерттелуде. Бүгінде Ертіс өңірінде қасиетті орындар саны жетерлік. Бұл өңірдің туристік капиталының дамуына да ерекше үлес қосуда. Әсіресе, туристер мен зиярат етушілердің көп баратын объектілері: Мәшһүр Жүсіп, Исабек ишан кесенелері, Қоңыр әулие үңгірі. Жалпы киелі орындар

қазіргі отандық тарихта толыққанды зерттелмеген феномендер қатарына жатады. Сондықтан біздің тәсіл – Ертіс өңірінің киелі орындарын тарихи жадыны сақтаушы «естелік орын» контекстінде қарастыру болып табылады.

### Материалдар мен әдістер

Мақала материалдары Ертіс өңірі бойынша далалық барлау зерттеулеріне негізделген.

Тарих ғылымы кең көлемді әдістемелік тәсілдерге ие, соның негізінде бір-бірін толықтырып тұратын осы жұмыстың зерттеу базасын қалыптастыруға болады. Ең бастысы жалпы ғылыми танымдық принциптердің ішіне кіретін тарихилық принципі. Тарихилық – тарихи құбылыстың дамуы, нақты нысандарға объективті зерттеулер жүргізуде қолданылатын негізгі ұстанымдардың қатарына жатады.

Мақаланың теориялық-әдіснамалық негізі ретінде өркениеттік әдіснама қолданылды. Бұл әдіснама зерттеу тақырыбын уақыт пен кезең заңдылықтарымен бірге кеңістік пен қоршаған табиғи ортаның ара қатынасын толығырақ қарастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, зерттеу жұмысы жүйелілік принципіне негізделді.

Бұл әдіс Ертіс өңірінің киелі орындарын бір қалыпқа негіздеп жүйелі қарастыруға мүмкіндік туғызды. Аталмыш әдіснамалық принциптерден басқа, салыстырмалы-тарихи зерттеу тәсілі қолданылды. Салыстырмалы-тарихи зерттеу тәсілі дәстүрлі қазақ қоғамындағы киелі құбылысының мәнін ашуға септігін тигізді.

Жалпы ғылыми (логикалық, аналитикалық, компаративистік) тәсілдерді қолдану тарихи мағлұматтармен жұмыстың нақты әдіснамасымен айқындалады.

Мақала жазу барысында пәнаралық зерттеу әдістері де қажет болды. Тақырыпты философиялық, географиялық, психологиялық, дінтану, әлеуметтанулық, этнографиялық, мәдениеттанулық, өлкетанулық және топонимикалық ілімдердің пәнаралық тоғысында қарастыру негізінде

киелі географияның мәні мен мағынасын, теориялар мен тұжырымдарды жан-жақты талдауға негіз болды.

Киелі жерлердің орналасқан жерін анықтау үшін картографиялық деректер қолданылды. Картографиялық әдіс киелі орындардың орналасу заңдылығын нақты анықтау үшін пайдаланылды.

Ертіс өңіріндегі киелі нысандардың қалыптасу тарихи алғышарттарын анықтауда ретроспективті әдіспен қатар, бақылау, сипаттау, тәпсірлеу, талдау, қорыту (синтез) секілді арнайы тарихи тәсілдер кең көлемде қолданыс аясын тапты.

### Талқылау

Тәуелсіздікке қол жеткізу тарих ғылымындағы кеңестік идеология мен таптық көзқарастан арылу, тарих ғылымында қалыптасқан ой-тұжырымдарды қайта қарау өткен тарихымызды объективті зерттеуге мүмкіндіктер берді. Тоталитарлық тәртіп өткенге кетіп, тарихи санамызды ояту, тарихи жадымызды қайта қалпына келтіру, рухани құндылықтарымызды дәріптеуге жолдар ашылды.

Ертіс өңірін отарлау, табиғи ландшафтысын жою процестері патша үкіметі заманынан басталған. Ертіс өңірінің орман-тоғайына жасалып жатқан кертартпа зиянкестіктер жайлы Мемлекеттік бақылау палатасының аға ревизоры Мельниковтың: «Тоғайларды құрту салдарынан XIX ғасырдың соңғы 10 жылдығында қазақ даласы қуаңшылыққа ұшырағаны сонша – Ертіс өзенінің кейбір тұстарынан жүзіп өту онша қиын болмай қалды». Ал 1885 жылы Қазақстанның далалық өңірлерін аралаған (Гейнс, 1897: 129) қазақтардың орман, тоғайды, жеке өскен ағаштарды қасиетті санап қорғайтынын айтқан. Қазақ даласындағы орман, тоғайлардың жойылуына қазақтардың мүлде қатысы жоқ, керісінше ғасырдар бойы ормандардың далалы өңірдегі маңызына, олардың сақталып қалуына қазақтардың барынша тырысып бағып, жағдайына ерекше көңіл аударғаны туралы жазады.

Кеңестік кезең аралығында табиғи, тарихи объектілердің халі мүлдем нашарлап кеткен еді. Соның ішінде діни-мінәжаттық орындардың қиратылуы да бар. Бір мысал ретінде 20 жыл уақыт денесі бұзылмаған, қазақ арасына әулиелігімен белгілі Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының моласын Кеңес үкіметінің атеистік бағытта жүргізген саясатының нәтижесінде 1952 жылдары жабайы түрде қиратылуын, кертартпа, варварлық, өрескел саясаттың жағымсыз беттері деп атау қажет. Яғни қазақ далсындағы табиғаттың жойылуы, киелі орындарымыздың қиратылуы – барлығы ішкі емес, сыртқы факторлардың әсерінен келімсектердің жасаған зұлымдық істерінің зардаптары.

Киелі орындардың кеңестік идеологиялық саясатпен жаппай қиратылу кезінде толық жойылмай сақталып қалуының басты себебі – қасиеттілігінің нәтижесі болу керек. Адамдар кеңестік атеизм кезеңінде киелі орындарды жоя алмай қалғаны туралы мыңдаған мысалдар келтіреді. Мысалы, ғажайып қоян пайда болып, тракторшының жағдайы нашарлап кетті, немесе алып жылан пайда болып бульдозерді аударып тастаған. Көпшілік ғибадат орындары, мазарлар сол себепті толық қиратылмаған. Ондай орындар ірі масштабтағы жобаларға қарамастан сақталынып қалған. Сол секілді Гүр-Әмірде орналасқан Әмір Темір мазарын антрополог М.М. Герасимов тобының 1941 жылы маусым айында ашуымен Ұлы Отан соғысы басталғандығын және И.В. Сталиннің арнайы бұйрығымен жаһангірді қайта орнына апаруымен Сталинград түбіндегі алғашқы жеңіске жетуі туралы көпшілікке белгілі аңызды да жатқызуға болады.

Жалпы белгілі хандардың, сұлтан, би, батырлардың жатқан жерлері қасиетті саналады. Оны қорлау келеңсіз зардаптарға әкеледі. Тарихта өзінің жатқан жерін қорлаудан сақтау мақсатында жасырған Шыңғыс хан мен немересі Батый ханның соңғы өсиеттері де белгілі.

Киелі орындарды қорлау және оның зардаптары туралы Ш.Ш. Уәлиханов жазған еді. Оның айтуынша, қасиетті орындарды

қорлау, тіл тигізу киенің қаһарын туғызады. Киенің қаһары – кесір деп аталады. Сондықтан Ертіс өңіріндегі Мәшһүр Жүсіп әулие, Исабек Ишан, Мәстек, Қараман абыз, Лекер әулие, Таймас әулие, белгілі сұлтан, би, батырларымыздың киелі орындарының сақталып қалуының бір мысалы, өз-өзін қорғай алу қасиеті деп білген жөн.

Ертіс өңірінде бірнеше ғасырды қамтитын ата-бабаларымыздың тайға таңба басқандай қалдырған ізі жатыр. Киелі орындар өткен заманның жаршысы ретінде бүгінгі күнді және болашақты жалғаушы көпір болып табылады. Ұлттың тірегі, рухани байлығы, мәдени мұрасы, жасампаз халқымыздың баға жетпес қазынасы. Оны қорғау мен сақтау және келесі ұрпаққа аманаттыққа тапсыру – әр азаматтың парызы деп қабылдау қажет.

Өңірдің киелі кеңістігін талдай отырып, ең алдымен француз зерттеушілері М. Хальбвакстың ұжымдық жады, Я. Ассманның тарихи жады және Пьер Нораның естелік орындар концепцияларына сүйендік.

Киелі орындарды зерттеуде тарихи жады мен естелік орындарының маңызы зор. Тарихи жады теориясының негізін қалаушылардың бірі француз философы, социолог Морис Хальбвакс «Ұжымдық және тарихи жады» атты зерттеуінде, тарихи жадының функциясын индивидуальдік және ұжымдық жады деп екі типпен ажыратқан. Тарихи жадыда сақталған мәліметтердің көбісі абстрактілі екенін және болған оқиғаны толықтай жан-тәнімен сезіну үшін өткен оқиғаға қатысты естелік орындарымен жүзбе жүз танысу керектігін айтады (Хальбвакс, 2005: 14).

Аталмыш теория аясында жұмыс істеп, М. Хальбвакстың теориясын жалғастырған неміс тарихшысы, дінтанушысы Ян Ассман болды. Оның еңбегінде тарихи естелік орындарын бірнеше типке бөліп қарастырған. Біріншісі, мимикалық естелік – адамдар бірін-бірі қайталау арқылы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан дәстүр. Екіншісі, заттық естелік – көнеден келе жатқан заттар ұжымдық есте сақтау қабілетінің белгілері. Үшіншісі, коммуникативті естелік – қоршаған ортамен қарым-қатынас негізінде сақталған

естеліктер. Төртіншісі, мәдени естелік – бұл алдыңғы үш естеліктің басын қосатын естелік. Ян Ассманның пікірінше, мәдени естелік орындары – уақыт пен кеңістіктің өлшемі, халық бірегейлігінің нышаны (Ассман, 2004: 78).

Я. Ассман теориясын жалғастырған француз тарихшысы Пьер Нора «естелік орындары» тарихи концепциясын ұсынады. Ол барлық естелік орындары тарих ғылымының шеңберіне қатысты екенін айтады (Ассман, 2004: 17). Оның анықтамасы бойынша, естелік орындары – бұл өткеннің қалдықтары. Тарихтағы коммеморативті (есте қалдыру үшін аталған атаулар (жер-су атаулары, ескерткіш, көше және т.б.) жады түрінде көрініс тапқан. Яғни ұлттық жадыда сақталған тарихи атаулар. Осы түсінік қазіргі замандағы деритуализациялау негізінде дүниеге келді. Естелік орындарына музей, архив, мазар, ұлттық мереке, монумент, ғибадатханалар кіреді. Ондай құндылықтар – өткен дәуірдің куәгерлері. Естелік орындар халықтың сүйіспеншілік, ықылас сезімі арқасында өмір сүреді және кенеттен пайда болмайды. Сондықтан мыңжылдықтарды қамтитын осы орындарды сақтауда барлық жағдайларды қарастыру қажет деген пікір білдірген (Нора, 1999: 37).

Ж.О. Артықбаев пікірі бойынша, қазіргі қазақ тілінде есте сақтау «насаб нама», «ата тек» мағынасында ғана қолданылатынын, ал оның екінші нұсқасы «естелік», «образ», «память» білдіретін парсының «йад» сөзінен шығатын «жады», «жадыда ұстау» жиі қолданысқа түспегенін жазған. Ғалымның пікірінше ұлттық жадыда сақталған мәліметтердің көпшілігі әпсаналарда сақталғандығын және тәпсірлеу арқылы ақиқатты, керекті мәліметтерді айырып алуға болатынын айтады. Зерттеуші әпсана туралы теориясын келесідей қорытады: «Әпсана, адам санасының бір көрінісі... Құдайлар мен әлемнің жаратылысы туралы қалыптасқан түсінік ретінде қоғамдық іс-тәртіптің, діни сенімдер мен мінез-құлық түрлерінің қажеттілігін дәлелдеу үшін қызмет жасайды. Әпсана – адам үшін нағыз шынайылық, ой мен өмірге

өте қажетті категория» (Артықбаев, 2015: 35). Осы орайда, ғалымның пікіріне сүйене отырып, әпсаналардағы сақталған тарихи тұлғалар, оқиғалар туралы тарихи жады мәліметтерін сараптап, естелік орындарына қатысты оқиға желісін жүйелі түрде қайта қалыптастыру мүмкіншіліктеріне көзімізді жеткізуге болады.

Отаршылдық кезеңіндегі Ертіс өңірінің киелі географиясына, жалпы киелі географияға қатысты еңбектерді сараптай келе, бұл тарихи дамудың отаршылдық кезеңінде орын алған дағдарыс пен өрлеудің сәйкес шартталғанымен атап өту керек. Әсіресе, патшалы Ресейдің колонистік бағытта жүргізген әскери экспедициялары негізінде жарық көрген еңбектердің көбісі, қазақ халқының рухани дүниетанымын түпкілікті танып, киелі орындарын анықтау емес, басты мақсат – қазақ даласын отарлауға бағытталғандығын ескерген жөн.

Жалпы тарихта көрсетілген өткен шақ естелігі қоғам үшін, халық үшін, жалпы мемлекет үшін маңызды. Жоғарыда айтып кеткен мысалдардай мұндай естеліктерге толы киелі орындардың танымдық құндылығы зор. Мәдени-тарихи ескерткіштер, қасиеттілерге арналған мемориалды кешендер, әпсаналар мен салт-жоралғылар – көне дәстүр мен архетиптерді сақтайды. Тарихи архетиптер – мифтік бейнелер, діни ілімдер, салт-дәстүр, ұлттық идея түрінде тасымалданады. Сондықтан әр өңірдің өткенімен танысу үшін киелі орындарын аралау қажетті. Олар өңірдің мәртебесі мен мақтанышы. Мысалға мифтік образдардың маңыздылығы арқылы ғалым Серікбол Қондыбай әулиелердің тарихын өңірдің географиясымен байланыстырып сипаттаған. Маңғыстау өңірінің табиғаты мен киелі ландшафтысын, қасиетті тұлғаларын мифтік сюжеттермен баяндап, сол өңірге қызығушылықты арттырған. Расында, Маңғыстаудың географиялық ерекшелігіне зер салсақ тау мен тастардан мифтік бейнелерді байқауға болады. Дәл сондай Ертіс өңірінің табиғи географиялық пейзажы, мифтік бейнесімен тылсым құпияға толы.

Елдің, өңірдің ерекшелігін сипаттайтын киелі орындар өзінің рухани құндылығы



негізінде мемлекеттің басты бір тірегі болып табылады. Біріншіден, киелі орындардың өзектілігі өткен шақтың сақтаушысы бола отырып болашаққа қадам жасау тәжірибесі болса, екіншіден, өңірдің ерекшелігін сипаттайтындықтан, ол тек көрікті жер ғана емес, сол өңірдің мәдени келбетін көрсетеді. Үшіншіден, тарихи географиялық сипатталған жер кеңістігінің символдық нүктелері болғандықтан елдің нақты бір уақыт шеңберіндегі тарихи-мәдени құндылық әлеуетінің көрсеткіші ретінде маңызды міндет атқарады.

Жалпы Ертіс өңірінің киелі географиясына қатысты отандық, посткеңестік, шетелдік ғылыми зерттеулерді сараптай келе, мәселеге тікелей байланысты көлемді зерттеулер жоқ, мәселенің тарихнамасы тек теориялық-методологиялық бағытқа ғана арналған еңбектермен шектеледі. Бұл мәселе тарихнамада арнайы зерттелмеген. Тек мерзімді баспасөз беттерінде тақырыпқа қатысты жекелей нысандар туралы төрт-бес мақалалар жарияланғаны және бергін жарыққа шыққан арнайы жинақтарда анықтамалық шолу ретінде сипаттамалар берілгені анықталды. Бұл зерттеулерде Ертіс өңірінің киелі географиясы тарихи зерттеу объектісі болмағандықтан тақырып арнайы күрделі және негізделген саралауды қажет етті. Сондықтан аталмыш мәселе зерттеулерде жанама түрде қозғалған деген қорытынды жасауға болады.

### **Нәтижелер**

Ертіс өңірінде түркі заманынан келе жатқан қасиетті орындар саны жетерлік. Ертіс өзенінің өзін қимақ-қыпшақ тайпалары қасиетті деп санаған екен. Гардизи жазады: «Қимақтар бұл өзенге ерекше құрмет көрсетеді және қадір-қасиет танытады». Яғни өзен түркі халықтарының түсінігінде киелі мағынасына ие болған.

Жалпы Ертіс өзені Орта Азиядағы ең үлкен өзендердің қатарына жатады. Ұзындығы 4248 км. құрайды. Ертіс басын Үлкен Алтайдан алады. Зайсан көліне дейін өзен Қара Ертіс

деп аталады. Көлден шыққан Ертіс далалық аймақпен Ақ немесе Тынық Ертіс атауымен 300 км ағады. Кейін таулы аймақпен 100 км. жылдам ағысқа көшіп, өзен Жылдам Ертіс деп аталды. Өскемен қаласынан Сібір жазығына шығып, Обь бассейніне құйып, солтүстік Мұзды мұхитына төмендей береді (Бартольд, 2002: 435).

Ертіс атауы VIII ғасырда көне түрік жазбаларында кездеседі. Күлтегін ескерткішінде түріктер Ертіс арқылы жүзіп өтіп, түргеш тайпасын жеңгенің жазады. Ертістің алғашқы этимологиялық шешімін М. Қашғари беруге талпынған. Ол «эртишмак», яғни жылдам жүзіп өту деген (Кашғари, 2006: 127) Академик В. Бартольд Масудидің «Китаб ат-танбих» еңбегінде «Қара» және «Ақ» Ертіс туралы айтылатының және Каспийге құятының, ал «Худуд аль-алам» еңбегінің авторы Гардизи Ертісті Еділдің бір ағысы деп санайтының және жергілікті халықтың аңызы бойынша Ертіс атауы Артуш (Эртюш, Ер түс - человек спустился) мағынасынан шыққанын жазады (Бартольд, 2002: 435).

Біздің пікірімізше Ертіс сөзінің этимологиясына қатысты дұрыс анықаманы В.П. Семенов-Тяньшанский берген секілді. Ол жазады: «Иртыш (ир(жер) – по-киргизски «земля», тыш(тіс) – рыть)». «Иртыш» «жерді тіліп аққан» деп аударуға болады (Семенов-Тянь-Шанский, 1903: 42).

Қазіргі кезде Зайсаннан бастау алып, Омбы шаһарын басып өтетін Ертіс өңірінде жүзден аса киелі нысан тіркеліп отыр. Бұл нысандардың кейбірі өңірлік тізімге де енгізілмеген. Ондай нысандар жайлы мәліметтер жергілікті халық арасында танымал болып жеке бір нақты аумаққа ғана тарауымен ерекшеленеді. Көбінесе толық зерттелмеген көлдер мен бұлақтар, есімі тарихи тұрғыда зерттелмеген тарихи тұлғалар немесе көпшілікке мәлім болмаған маңызды тарихи оқиғаларға қатысты орындар. Солардың бірнешеуіне тоқталып өтсек.

Абай аймағы, Жарма ауданы, Суықбұлақтан 7 шақырым қашықтықта, Шар өзенінің бойында қасиетті Қыз бейіті немесе Қыз әулие орналасқан. Ескерткіш шамамен

XIX ғасырдың I ширегіне тұрғызылған. Тарихи аңыз-әңгімелерде XIX ғасырдың I жартысында Мамажай деген молда өмір сүріпті. Орта жасқа келгенде молда қыз бала көріпті. Қыз баланың айырықша белгілері бала кезінен біліне бастаған.

Бала үш айдан асқан уақытында анық сөздер айта бастаса керек. Осындай оқиғадан кейін әкесі қызын үшкіріп, бесігін отпен аластапты. Бес жасқа келген қыз Құранды нақышына келтіріп оқи бастапты. Қызды көрем деушілер жан-жақтап жиылып, Мамажайдың үйін босатпапты.

Өсе келе Әулие қыз өңірде не болатынын алдын ала сезіп отырса керек. Бойындағы ерекше қасиетімен танылған қыз ауырған адамдарды емдей бастапты. Қыз әулиеге емделуге өңірдің көпшілік тұрғындары келетін болған. Дегенмен жас қызға көз тиіп, жастайынан қайтыс болыпты. Кейіннен Қыз әулиенің бейіті халықтың зиярат орынына айналған. Әлі күнге дейін қасиетті орынға келушілер саны азайған емес. Жол бойы жүрген жолаушылар Қыз әулиеге арнайы тоқтап, ақтық байлап, құран бағыштамай өтпейді екен (Бабалар сөзі, 2012: 187).

Қыз әулиенің орналасқан орны 1884 жылғы топографиялық картада да көрсетілген. Қазіргі күні Қыз әулиенің бейіті қоршалып реставрацияланып, халықтың құрмет-ықыласына бөленген.

Ертіс өңірінің келесі қасиетті нысаны – Әйгерім бұлағы. Қасиетті бұлақ атауы Абайдың сүйікті жары Әйгерімнің құрметіне аталған. Киелі нысан Абай ауданы Ақшоқы қыстауынан Архат тауы арқылы Абай мен Әйгерімнің алғашқы танысқан жері Шілікті кезеңінде орналасқан.

Абай мен Әйгерімнің танысуы жайлы М. Әуезовтың Абай жолы эпопеясында сипатталады. Оқиға желісі бойынша, Құнанбайды Мекке сапарына шығарып салған Абай қасындағы досы Ербол екеуі Семейден Шыңғыс жаққа қайтпақшы болады. Қайтар жолда нөсер жауынның астында қалып, Байшора руынан Бекей деген кісінің үйінде аялдайды. Алыс жолдан шаршаған Абай оттың жылуында мызғып кетеді. Түсінде Тоғжанды

көреді. Сөйтсе Тоғжанмен бірге алты бақан теуіп салған «Толай көк» әнін көрші жақтағы үйден бір қыз шырқаса керек. Тұр келбетін Тоғжан деп елестеткен Абай Бекейдің қызы Шүкімәнді көреді. Дауысы мен сұлулығына тәнті болған Абай мен Ербол қызға «Керім, Әй, керім» – деп сүйсініп, Әйгерім атауды ұйғарыпты. Көп кешіктірмей Абай Әйгерімді айттырып, өзінің еліне түсірген екен.

Абай мен Әйгерімнің танысқан жеріндегі бұлақ бастауын халық «Әйгерім бұлағы» деп атап кеткен екен. Бүгінгі күні бұлақ бастауына баратын халық суды қасиетті деп біліп ыдыстарына құйып алып жатады. Сонымен қатар, Әйгерім бұлағына Абай әлемімен жақын танысу мақсатында халықтың жиі баратын тарихи-танымдық туристік маршруттарының қатарына жатады.

Ертіс өңірі әулиелі орындарға толы деп айтуға болады. Себебі бұл жерде әр кезеңде өмір сүрген әулие-әнбиелердің қоңыс қылған немесе жерленген орындары сақталған.

Ертіс өңірі бойының қасиет дарыған тарихи тұлғасы – бұл әулие Мәшһүр Жүсіп Көпеев.

Мәшһүр Жүсіп Көпеев кесенесі Баянауыл ауданы Жаңажол ауылынан солтүстікке қарай 17-18 шақырым қашықтықта Ескелді елді мекенінде орналасқан. Қазақ халқы жас бала Жүсіптің білімін жоғары бағалады. Оның жыр-дастандарды жатқа айтатын дарындылығы күллі Сарыарқа даласына әйгілі болды. Сондықтан талантты жас балаға Баянауыл сыртқы округінің аға сұлтаны Мұса Шорманов «Мәшһүр» деген қосымша ат қойды. Бұл сөз араб тілінен аударғанда «атақты, құрметті, танымал» деген мағынаны білдіреді. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы «Өз атым Адамжүсіп, ел-халық атап кетті Мәшһүр Жүсіп» деп «Мәшһүр» аталуын келесідей жазады: «Баянауылға Мұса мырза келіп: Сопы балаңды алып кел, көремін! – деп, алдына алдырып сөйлетіп: «-Мынау жұртқа мәшһүр болып, жұрт құлағын шулатайын деп тұр екен, болсын, бақыр-ай, көп жасағыр екен! Сопы, бұл балаңа үкі тағып қой, мұнан былай балаңды үкісіз жүргізбе!» – депті (Көпейұлы, 2006: 278), Әулие өзінің өмірбаяның былайша шумақтайды:

«Бес жаста «бісмілля» айтып жаздым хатты,  
Бұл дүние жастай маған тиді қатты.  
Сегізден тоғызға аяқ басқан күнде,  
Мұса еді қосақтаған «Мәшһүр» атты»  
(Көпейұлы, 2006: 35).

Ауызша мәліметтерге сүйенсек, М.Ж. Көпеев кесенесі өзінің көзі тірісінде салынған. Ерекше қасиетке ие жан болғандықтан, сонымен қатар өзінің дүниеден өтерін күні бұрын білгендіктен, кесененің құрылымын жасап, бөлмелердің қалай орналасуы керектігін атап, туыстары мен жақындарына тапсырма береді. Бастысы – оның денесі жер қойнауына тапсырылмауы тиіс. Кеңестік билік жылдары мазары сырылды, бірақ денесі шірімей, сол қалпы сақталған. 2008 жылы М.Ж. Көпеевтің 150 жылдығына орай кешен ашылды. Кесене жанында мұражай орналасқан. Жаңажол ауылындағы музей 2016 жылы Ескелдіге көшірілді.

**Сурет 1. Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы кесенесі (1858—1931)  
(Баянауыл ауданы, Ескелді мекені)**



Кесене төбеде орналасқан, оған баспалдақтың 73 сатысымен жетуге болады. Бұл саңдар ойшылдың өмір сүрген жасын білдіреді. Кешен әулие ұрпақтарының бақылауы мен қарауында. М.Ж. Көпеевтің туған немересі Қажымұқан аға – шырақшы, барлық зиярат етушілер үшін дұға оқиды.

Бүгінгі күні кесенені көру үшін әр түрлі мемлекеттерден адам легі көп келеді.

Бұл мінәжат орнының халқымыздың дүниетанымында маңызды киелі мәнге ие екенін айқындайды.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының ұстазы, әулие Исабек ишан хазірет те ел арасына әулиелігімен, емшілігімен танылған тұлға. Алғаш рет Мәшһүр Жүсіпті хадис оқуға баулып, Бұқара медресесіне жол көрсетіп, бағыттаған рухани тәлімгері. Исабек Ишанның өмір сүрген уақыты 1792-1871 жылдарға сәйкес. Кесенесі Екібастұз қаласының Ақкөл ауылынан 18 шақырым жерде орналасқан. Әулиенің шыққан тегі, қазақ қоғамындағы айырықша әлеуметтік топ, қожаларға жатады. Исабек ишанның шежіре тармағында атасының аты Аққу ишан, әкесінің аты Мұрат Ишан деп көрсетілген.

Исабек ишан хазіреттің қасиеттілігін, тылсым-құпияға толы киелі орынның мәнісін зерттеуші Ұлан Биғожин өзінің зерттеулерінде атап кеткен. Зерттеушінің пікірінше, жалпы Ақкөл-Жайылма өңірінің қасиеттілікке толы құпия тылсым сырлары толық ашылмаған. Бұл аймақты терең зерттей түссе, әлі де киелі өлкеден тарихи жұмбақтардың шешімін табуға болады деп есептейді.

Бүгінгі кезде Исабек ишан хазірет кесенесі – маңызды тарихи-мәдени мәнге ие киелі орын. Қазақтардың пайымында Исабек ишанның жерленген орны хазірет аруағы қиындықтар мен ауыртпалықтарды көтеруге жәрдемдесетін қасиетті жер болып есептеледі, сондықтан белгілі әулиенің кесенесіне еліміздің барлық өңірінен келіп жатады.

Павлодар қаласынан 140 шақырым қашықтықта, Шарбақты ауданында Ғабдыл-Уахит кесенесі орналасқан. Аталмыш әулие туралы көпшілік біле бермейді, көбінесе ауызша үлгідегі аңыз-әңгімелер Ертіс орманы кластері маңында таралған. Хазірет 1853-1926 жылдары аралығында өмір сүрген. Тарихи жады мәліметтеріне сүйенсек, кеңестік кезеңде дін – апиын деп жарияланғандықтан біреулер хазіретке қатысты шағым айтыпты. Әпсанаға сәйкес, намаз оқып отырған шағында үйіне баса-көктеп кірген қызыл жеңдеттер қасиетті құранның парақшасын жырта бастаса керек.



Осы тұста ғажайып оқиға болып, құранды жыртқан ОГПУ қызметкерінің қолы шығып кеткен. Хазіретті тұтқындап, атуға апарған кезде, соңғы өтінішін орындауға келіседі. Ол намаз оқуын аяқтауын сұрап, ату жазасына дайындалады. Сол сәтте жеңдеттердің бірінің қаруы атпай қалса, бірінің қолы жансызданып қалыпты. Нәтижесінде әулиенің қасиеттілігінен қорыққан тергеушілер босатып жіберуге мәжбүр болған (Қазақстанның өңірлік қасиетті нысандары, 2017: 434).

**Сурет 2. Хазірет Ғабдыл-Уахит  
Тіленшіұлы(1853-1926) (Шарбақты  
ауданы)**



Еліне оралған хазірет халықты емдеп, мұқтаж жандарға көмектесуге өмірін арнайды. 1926 жылы хазірет өмірден озған соң, көпшілік оның жерін киелі орынға айналдырады. Тәуелсіздік алған уақыттан соң ескі кесене орнына күмбезді жаңа кесене бой көтерген.

Ғабдыл-Уахит хазірет секілді есімі белгілі бір локальді аймаққа таныс, XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың ортасында Тарбағатайдың таулы аймақтарында емші, сынықшы Досқанұлы Ырғызбай әулие өмір сүріпті. Әулиенің өмір сүрген жылдары шамамен 1787-1850 жж. аралығы.

Ауызша жеткен мәліметтерде, емші шипалы шөптермен науқасты емдеп, қан тамырлардың соғысы арқылы ауруды анықтаған. Бірақ өзінің көмектері үшін халықтан ешқашанда ақы алып көрмеген:

«Жетім-жесірге беріңдер, менің міндетім бөлек», – дейді екен. Әулиенің жалпақ жұртқа есімі қатты сырқаттанған Құнанбай биді емдем жазғанымен таныла түскен.

Әулие өмірден озған соң 1902 жылдары мазары тұрғызылған. Жатқан жері қасиетті саналып, халық басына келуін ешуақытта тоқтатпаған. 2014 жылы ескі мазардың орнына жаңа кесене тұрғызылып, халықтың мінәжат орнына айналған.

Бүгінде әулие жатқан жер халықтың көңілдеріне демеу, дертіне дауа тілеп келетіндердің орнына айналған.

Ақтайлақ бидің мазары XVIII ғасырда тұрғызылыпты. Ескерткіш күйдірілмеген кірпіштерден төрт бұрышты етіп қаланған. Кіретін есігі оңтүстік бағытынан шығарылып, жақтаулары ағашпен құрыстырылған. 1997 жылы әкелі-балалы Байқара мен Ақтайлақ бидің кесенелері реставрацияланып, күмбезді жаңа кесене бой көтерген. Бұл кесене қазақ халқының синкреттік танымындағы қасиетті нысандар қатарына жатады.

Ақтайлақ бидің кенже баласы Сабырбай ақынның бейіті де халық қадірлейтін қасиетті орындардың қатарына жатады. Сабырбай Ақтайлақұлы 1793-1880 жылдар аралығында өмір сүрген тарихи тұлға. Ақтайлақ би төрт баласының ішіндегі кенжесі Сабырбайдан зор үміт, үлкен нәтижелер күтті. Жас баланың тәрбиесіне көп мән беріп, ел басқаруға бейімдей бастайды. Өзіне жастайынан суырып салма ақындық өнер бойына дарыған Сабырбай ақын әкесіне жәрдемдесіп ел арасындағы маңызды мәселелерді шешуге ат салысып отырды.

Мәселен халық арасында кең тараған аңыздардың бірінде Сыбан руына өкпелеп бөлініп кеткен Әбілпейіз сұлтанның ұрпағы Солтабай төрені Сабырбай ақын елге қайтарған екен. Аңыз мәліметтеріне сүйенсек қартайған Ақтайлақ бидің ұзын сапарларды көтеруге шамасы жетпей, Солтабай төренің ауылына ел 18-19 жасар Сабырбай ақынды жіберуді ұйғарыпты. Дарынды жас жігіт ақындық өнерімен Солтабайды төрені таң қалдырып, елге қайта оралуына көндіріпті. Сол кезден бастап Сабырбай ақыннан қалған

«төресіз ел болмайды, төбесіз жер болмайды» деген ескі сөз сақталып қалса керек.

Жалпы Сабырбай ақынның ел аузында тараған айтыстарының кейбір нұсқаларын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы жазып алған екен. Мысалы, «Қаракесек Қамбар Жанақ пен Найман Сабырбай айтысының» үлгісімен Мәшһүр Жүсіп жинақтарынан танысуға болады

Толық зерттелмеген әулие Ақбалық хазірет. Ақбалық хазіреттің шамамен 1833 жылдары дүниеге келген деген дерек бар. Қайтыс болған жылдары белгісіз.

Хазірет жайлы жазба деректер сақталмаған. Тек хазіреттің қасиеттілігі туралы Әпсаналар халықтың жадында ауызша ақпараттар ғана сақталып жеткен. Әулиенің шын есімі – Әбділдә екен. Бұқара қаласында білім алып, елге келген уақытында, ерекше көзге түсіп ақ киіп жүріпті. Өзі де аққұба жүзді болғандықтан халық Ақбалық деп атап кеткен. Ал діни біліміне тәнті болған Қазан, Уфа қалаларынан келген ишандар хазірет деп атаған.

Халық жадында сақталған аңыздың бірінде Ақбалық хазіреттің Тентек Тәнті атты бір байды сабасына түсіргені жайлы айтылады. Сібірден келген Тәнті жеке бір ауылды басқарыпты. Сол Тәнті халқына есімін айтқызырмай, өзін мырза деп атауды бұйырыпты. Мырзаның тентек әрекеттерін үлгі тұтқан ауыл жастары қара жолда кетіп бара жатқан жолаушыға «мырзаға неге сәлем бермей өтіп барасың» деп көрінгенге тиісуді шығарған. Осы оқиғаларды естіген Ақбалық хазірет өзі салдырған Бестаудағы мешіт-медресесінен Тәнтінің ауылына шұғыл жөнеліпті. Шаңдатып келе жатқан бір топ адамдарды көрген Тәнтінің адамдары мырзаларына жоғары жақтан үлкен адам келе жатыр деп жедел хабар жіберген. Дайындалып үлгермеген Тәнті қобалжыған күйде жабық арбаға(повозка) жақындап, шымылдықтан шыққан аппақ Ақбалық хазіреттің қолдарын жоғары жақтан келген генерал-губернатордікі деп ойлап жабыса сүйе бастаса керек. Сол сәтте Ақбалық хазірет Тәнтінің мойнынан

шап беріп: «Сенің атың Тәнті» деп үш рет айқайлап, сабасына салған екен. Ақбалық хазірет өз ауылына келген соң ауылдастарына: «Көрші ауылда бір тентек атын ұмытыпты, соған ат қойып келдім», – депті. Жастарды ізгілікке, имандылыққа шақырған Ақбалық хазіретті халық ерекше қадірлеген. Хазірет дүниеден озған соң, жергілікті халық жатқан жерін қасиетті деп біліп ерекше құрметтейтін болған.

Ертіс өңірінде абыздарға қатысты да бірнеше қасиетті орындар сақталған. Атап айтанда, Қараман, Құрманбай, Мәстек, Нысан абыздарды атап өтуге болады.

Нысан абыз туралы алғашқы мәліметтер Шәкірім Құдайбердіұлының «Еңлік-Кебек» поэмасында айтылады. Поэма желісі бойынша, Кебек Нысан абызды арнайы іздеп барып, болашағын болжауын өтінген. Сонда абыз жігітке: «Ажалың биік қабақ сұрлау қыздан, батырым, ондай жанға көңіл бөлме. Бұл сөзді өз ойымнан айтпаймын құр, Шырағым, сондай қыздан сақтанып жүр» – деп ескертсе керек (Құдайбердіұлы, 2007: 63). Нысан абыз туралы келесі дерек, М. Әуезовтың «Абай жолы» романында кездеседі. М. Әуезов жазады: «Заманыңда Нысан абыз деген ел сыншысы Өскенбайға: «Өзіңнің бағың Қыдырдай болса, балаңның бағы Шыңғыстай болады», – депті. Кездейсоқтық па, әлдебір мистикалық байланыс бар ма, бұл, әрине, бір Аллаға аян сыр», – деп жазушы ойын қорытындылайды.

Шәкәрімнің «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» еңбегінде: «Тобықтының екі баласы – Ырысбетек, Дәулетбек. Дәулетбектен – Байғара, Байшора, Жиеншора. Бұл Жиеншора оқымысты болған соң – «Хафиз» деуге тіл келмей Абыз атанды» – деген мәліметтер береді (Құдайбердіұлы, 2007: 65). Осы Жиеншораны халық Нысан абыз деп атап кеткен деген болжамдар да бар.

Негізі Нысан абыз ойдан шығарылмаған, шынайы тарихта болған тұлға. Белгілі жазушы Т. Жұртбайдың мәліметтерінде Нысан абыз XVIII ғасырдың II жартысында өмір сүрген тарихи тұлға деп растайды (Жұртбай,

2003: 45). Ал Дала уәлаятының 1892 жылғы жариялаған мақаласында Нысан абыздың бейнесі туралы мынадай мағлұмат беріледі: «Нысан көп сөйлемейтін, түсі суық, қарт кісі екен. Өзінің түсінің суықтығынан, бал ашып, қобызымен ойнағанда ешкім шыдай алмай қашып кетеді екен. Қобызды тыңдағандардың көзіне жас келіп отырады екен», – деген сипаттама беріледі.

Т. Жұртбайдың мәліметі бойынша, Нысан абыздың зираты – Абай облысы, Абай ауданы, Медеу елді мекенінен алыс емес, Қыдыр таулы қыратының етегінде орналасқан. 1987 жылы Нысан абыздың сүйегі қазып алынып, қыраттың төбесіне жерленіп, мазар орнатылса керек (Жұртбай, 2003: 49). Осыған байланысты әулиеге арнап бірнеше рет ас та беріліпті.

Ас беру жайлы академик Ә.Х. Марғұлан түсініктеме бере кеткен: «Ата-баба елесін қадірлеу үшін оларға ас береді, басына там орнатады, күмбез жасайды, оны ұрпақтары ұлы міндет деп қабылдайды» (Марғұлан, 2007: 261).

Шүрекұлы Қараман абыз – Далбаның тау бөктерінде XIX ғасырда өмір сүрген қасиетті тұлға. Шыққан тегі Арғын руы ішінде Айдабол, Қосқұлақ бабасынан тарайды. Оның өмірге келген жылы мен дүниеден өткен жылдары жайында нақты деректер табылмады. «Жасының шамасына қарай Құрманбай абызбен құрдас», – деп Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы жазып кетеді (Көпейұлы, 2006: 266).

Халқына бірнеше жылдар қызмет жасаған Қараман абыз Далба тауларының жиегінде, Жаңатілек ауылынан алыс емес, Қараман деген жерде жерленген. Абыздың басында белгі тас ретінде ұзындығы шамамен 3 метр, ені 1,5 метрлік ірі стелла орнатылған. Құлпытаста: «Қарасуды кері ағызған дұғаменен, айтқан сөзі жанға шипа болған ем....», – деген төрт шумақтық өлең арналған.

Қараман абыздың жатқан жеріне дұға етіп, көңіліне шипа, дертіне дауа іздеп келуші қауым тәуелсіздік алған кезден бастап көбейе түскен. Сондықтан өңірлік киелі нысандар тізіміне еніп, арнайы белгімен ерекшелендірілген.

**Сурет 3. Қараман абыз зираты, орналасқан жері Мұрынталға барар жолда орналасқан.**



Есімі ел арасына танылған Қараман абыздың замандасы сәуегей, әулие Құрманбай абыз Байқонақұлы. Жатқан жері Баянауылдағы Жаяу Мұса ауылынан алыс емес, солтүстік-батысқа қарай Тайжеген деген жерде орналасқан. Өмір сүрген жылдары 1821 жылмен 1891 жылдар аралығы. Мәшһүр Жүсіп Баян өңіріне «Діннің таралу тарихы» атты деректерінде Құрманбай абыздың шежіресін былайша өрбітеді: «Айдабол-Қарақозы-Айтуған-Құрамыстан шыққан Құрманбай абыз. Сасық-Қуырдақ-Байқонақтың баласы». Құрманбай абыздың бойындағы қасиеттілігі мен алған діни білімі жайында абызды көзі көрген Мәшһүр Жүсіп келесідей жазады: «Өз заманында бір Құдайдан басқаға мойыны бұрылмай кеткеннің бірі болған кісі-осы Құрманбай абыз еді. Өз көргенімізде, Мұса, Секербай заманында торышолақ атпен Тұяқ деген жолдаспен қырық бір жасында Ошақты Қоңырбай халфеге Арқаға келген. Бұхарбай-Шәріпте Құрманбай абыз Хасен баласы Ғабдастар Мағзұммен бес жыл қызметінде тұрып, қайыр-патихасын алып шыққан» (Көпейұлы, 2006: 267).

Құрманбай абыз жас кезінде есімі ел арасына танымал қасиетті Қосанбаласы Қыстаубай абызбен бірге тұрса керек. Содан кейін Баянауыл аға сұлтаны Мұса Шорманов Құрманбай абызға арнап Тайжеген деген қыстауды сыйға тартыпты (Көпейұлы, 2006: 266).



Халық арасында Құрманбай абыздың қасиеттілігі жайында көптеген аңыздар тараған. Солардың бірін Мақсат Алпысбесұлы жазады: «Қыпшақбайдың үйіне бірде қоңақ болып келген төрт әулие – Құрманбай абыз, Лекер әулие, Көшербай абыз, Қараман абыз – ұлы жоқ Қыпшақбайға бата беріпті. Біреуі «Байпақбай» есімін бердім, енді бірі «Тілеубай» атадым, келесі «Сейсек» есімін бердім, төртіншісі «Дүйсек», – депті. Олар кеткен соң бірер уақыттардан кейін Қыпшақбай қатыны төрт ұл туып, аталған есімдерге азан шақырып қойған екен» (Алпысбес, 2005: 382).

Құрманбай абыздың зираты биіктігі шамамен 1 метрдей болатын төрт бұрышты жалпақ тастардан қаланған. Беткі қабырғасының ұзындығы 10 метр, ал ені 8 метрді құрайды. Зираттың ішінде белгітас (құлпытас) орнатылған. Онда абыздың өмір сүрген жылдары көрсетілген. Бертінгі уақытта абыз зиратынан 1 шақырымдай жерде шырақшы үйі тұрғызылған. Халықтың көпшілігі киелі орынға келіп, зиярат жасап, дергіне шипа іздегендер түнеп жатады екен.

Ертіс өңірінің танымал қасиетті абыздарының бірі – Мәстек (шың аты Құдайберген) абыз. Мәстек абыздың зираты Баянауыл аймағындағы Мұрынтал ауылында орналасқан. Абыз XIX ғасырда ғұмыр кешкен қасиетті тарихи тұлғалардың қатарына жатады. Зерттеуші М.А. Алпысбес деректерді салыстыра келе, Мәстек абыздың туған жылы 1793 болуы керек деген (Алпысбес, 2005: 5).

Абыздың дүниеден озғаны туралы нақты мәліметтер әзірше табылмады. Дегенмен қариялардың мәліметтерінде XIX ғасырдың 80-ші жылдары деп есептелінеді. Мәшһүр Жүсіп Мәстек абыздың шежіресін Айдабол ішіндегі Жаңқозы бабасынан таратып, Төлебай батырдың Еламанынан тараған даңқты Ботан абыздың ұлы екенін жазады.

Құдайбергеннің Мәстек атануы жайында М.А. Алпысбес қария сөздерінен мынадай дерек келтіреді: «Шын аты Құдайберген шырылдап жерге түсісімен «Аллаһ, Аллаһ» деп жылай беріпті. Ер жете келе, бойы ұзын, құлағы үлкен болса керек, орыстың мәстегі

сияқты, содан әлгі Мәстек абыз атанып кетіпті» (Алпысбес, 2005: 416). Халық Мәстек (Құдайберген) абызды «аруақты адам», «бойында қасиеті бар» деп ерекше қадір тұтқан. Себебі Мәстек абыз кезінде хақида ілімін игерген қасиетті адамдардың қатарына жатқан.

Қазіргі кезде де Мәстек абыздың жатқан жерін халық қасиетті деп біліп, ас беріп, дұға бағыштап тұрады. Қазақ халқы осы бір тамаша салт-ғұрыптық рәсімдерді бейресми түрде емес, дәстүрлі мәдениетіміздің бөлшегі кейпінде ұлттық болмыста сақтап қала алған. Кеңестік бірнеше жылдық діни, дәстүрлі дүниетанымға қарсы бағытталған қыспақтан соң, туған жердің тарихи орындары қайта жаңғыртылуды, жалпыхалыққа таныстырылуды қажет етеді. Себебі бұл орындар біздің тарихымыз бен мәдениетіміздің бөлшегі.

Найза мекенінен 10 шақырымдай қашықтықта қасиетті Жалаулы көлі орналасқан. Жалаулы – теңіз деңгейінен 72 м. биіктікте орналасқан тұйық көл. Ұзындығы 21 км, ені 15 км. Жалаулы көлі Сарыарқа даласы үшін жоңғарлармен күрес алаңы ретінде белгілі (Алпысбес, 2005: 10).

Тұзды көлдің жағасында қазақ батырлары ту тігіп, Сілеті өзені бойымен жауды қуып, дұшпанның бетін қайтарған екен. Жеңістің белгісі ретінде ұзақ уақытқа дейін азаттықтың жалауы желбіреп тұрыпты. Сол себепті көлді «Жалаулы» деп атап кетсе керек.

Жалаулы көлі маңында орын алған оқиғалар қазақ халқының батырлары Түгел, Жазы, Қошқарбай есімдерімен байланысты. Өлкетанушы М. Жаманбалиновтың мәліметтерінше, үш батыр халық арасынан жасақтар жинап, көлдің басында тоғысқан. Осы жерден жауға аттанып, жау әскерін талқандаған. Ертіс өңірін жоңғар басқыншыларынан азат етуде үлес қосқан үш батырдың есімдерін бірі білсе де, көпшілік біле бермейді (Жаманбалинов, 1998: 127)

Жалаулы көлі жанында күрес жүргізген қыпшақ Түгел, Жазы батырлардың орындарына 1998, 2003 жылдары белгі тастар қойылған. Бұл орындар халық арасында



Жазытөбе, Жуантөбе деген атаулармен белгілі. Жалаулы ауылы мен Шұға ауылдарының аралығында Қошқарбай батыр баласы Қонай төбесі де белгілі. Әйгілі Қошқарбай батырдың жатқан жері осы уақытқа дейін белгісіз болып келген болатын. Батыр ұрпақтарымен кездесу барысында, батырдың жатқан жері анықталып отыр. Қошқарбай батыр бейіті Қонай төбесінен алыс емес жерде орналасқан екен. Бұл батырдың ерліктері туралы Ә. Бөкейханов, өлкетанушы жазып кеткен (Потанин, 2005: 67). Қазіргі уақытта батырдың жатқан жері қоршалған. Дегенмен өңірлік киелі орындар тізіміне алып, ескерткіштерді қайта өңдеу жұмыстарын қолға алу қажет деп есептейміз.

Жалпы Абылай заманын Шоқан Уәлиханов: «Қазақ халқының рыцарлық жүзжылдығы», – деп атаған. Ертіс өңірі бойындағы бірнеше жер атауы қазақтың беделді ханы Абылайдың есімімен байланысты қойылған. Мәселен, Павлодар облысы, Май ауданы, Баскөл ауылына қарасты 11 шақырымдай жерде Абылай жайлауы деп аталатын орын бар. Аңыздарға сүйенсек, қазақ-жоңғар соғысы дәуірі кезінде Абылай сұлтан әскери бір ірі жорықтан оралып келе жатып, бәсентиіннің ауқатты байы Шабанбайдың жайлауына соғады. Осы жерде жорықтан қайтқан 500 жауынгерге арнап, Шабанбай ас әзірлеп, 2-3 күн бойы бабын тауып, күтіп, әр жауынгеріне бір-бір аттан жетектетсе керек. Сол кезден бері Абылай тұрақтаған бұл жер «Абылай жайлауы» аталып кетіпті. Осы аңыз-әңгіме ауызша үлгіде бүгінгі күнге дейін жетіп, өлкетанушылардың еңбектерінде көрініс тапқан.

Сол секілді Ертіс бойында Найза мекені деп аталатын жер бар. Бұл Павлодар аймағы Ертіс ауданы, Тоқта ауылының маңында орналасқан. Т.А. Еңсебаев Найза мекеніне қатысты аңызды келесідей мәлімдейді: «Ертіс ауданының Найза қонысында Абылай ханның әскерлері дем алуға тоқтаған. Осы жердің әйгілі байы Қаңжығалы руынан шыққан Мұраттың 17 мың жылқысы болған, ол 400 салт атын Абылайға сыйға тарқан. Хан әскері

тоқтаған жерде көп уақыт жерге қадалған найза қалған, содан бері бұл жер «Найза» деп аталып кеткен» (Еңсебаев, 2017: 96). Жергілікті қариялардың айтуынша, Найза мекенінен 2 шақырым қашықтықтағы Тоқта ауылы Абылай ханның әскерін тоқтатқанына байланысты өз атауын алған деседі.

Жалаулы көлінен алыс емес жерде Тоқта деген ауыл бар. Аталмыш ауыл атауы ел жадында Абылай ханмен байланысты қалыптасқан. Жоңғар қолын осы аймақтан қуу үшін келген Абылай осы жерде жасақтарын тынықтыру үшін тоқтатқан екен. Тоқта ауылынан Бұланбай ауылына барар жолда 3 шақырымдай жерде Найза мекені орналасқан. Халық жадында бұл орын атауы Абылай батырларының бірі сүйір найзасын қадап, бұл найза ұзақ уақытқа дейін осы жерде суырылмай тұрған деседі. Жергілікті халық үшін бұл жер әрқашан қасиетті саналған. Ел жадынан ұмыттырмау үшін жергілікті ауыл ақсақалдары бірлесіп шағын ғана белгі тас қойыпты. Біздің пікірімізше, бұл маңызды тарихи нысанға аласапыран замандағы тәуелсіздік үшін күрестің белгісі ретінде ірі ескерткіш тұрғызылған да артық етпес деп ойлаймыз.

Ертіс өңірінде қасиеттілігімен танымал болған әулиелердің бірі атақты қыпшақ батыры Түгел батырдың баласы Таймас әулие. Әулиеге арнап тұрғызылған кесене Павлодар облысы Ертіс ауданы Ұзынсу ауылынан солтүстікке қарай 18 шақырым қашықтықта, Салқынсу тұзды көлінің маңында орналасқан. Әулиенің шын есімі Ботақара, халық емшілік қасиеттеріне байланысты Таймас деп атап кеткен. Таймас әулие шежіре бойынша Қыпшақ руы, оның ішінде Бұлтын Қыпшақ, оның ішінде Сағалдан тарайды.

Дегенмен Таймас әулие туралы жазбаша деректер табылмады. Тек ел арасындағы ауызша тарихи дәстүр негізінде жеткен деректер ғана сақталған. Бұл деректердің жүйеленуіне сүбелі үлес қосқан өлкетанушы Мүбәрак Жаманбалинов болатын.

Өлкетанушының мәліметтерінде сүйенсек, Таймас туралы аңыздардың бірінде мынадай

дерек айтылады: бір кездері Таймас қатты ауырып жатқан адамның ауылының маңынан өтеді екен. Сол сәтте Таймас әлгі адамның жан қиналысын сезіп, көмектесу үшін, сол ауылға барады. Ауылға кіре сала жергілікті тұрғындардан, өзі сезгендей, адамның жан қиналысы туралы хабарды естиді. Әулие барлық адамның киіз үйден шығуын өтініп, өзінің ем шараларын бастайды. Науқасты айнала отырып, түрлі ғұрыптық рәсімдерді жасайды. Бір-екі жұма шипалы шөптермен, дұға-тілекпен науқасты емдеп, нәтижесінде дертінен айықтырады.

Таймас әулиенің кесенесі Ертіс өңірі жұртшылығының танымында қасиетті болып саналады. Жергілікті қазақтар арасында әулиенің қайырымдылық істері, таңғажайып киелі күштері жайында аңыз-әңгімелер сақталған. Ертіс өңірі жұртшылығы әулие жайлы естелікті құрметтеп, кесене басына дұға қайырып, ас беріп тұрады.

Жалпы, Ертіс өңірінің агиотопонимикалық киелі орындары қазақ халқының көнесі мен бүгінгісін жалғастыратын тарихи көпір тәріздес. Әулие-әнбие, абыздардың жатқан орындары халық мәдениетінің қайнар көзі болып табылады. Ә.Х. Марғұлан жазғандай: «Кейбір ғалымдардың бақылауынша, қазақтың абыздары, ақындары, билері – білгіш, жарқын ойлы, кемеңгер келеді. Олар әрқашан халықтың тілегіне сай келетін жарқын ойларды еске түсіреді», – деп әулиелердің қазақ қоғамындағы маңызды рөліне тоқталған (Марғұлан, 2007: 287) Міне, сондықтан қазақ халқы әулиелерін ерекше құрметтеп, жатқан орындарын қадірлеп, ізгілікті істерін ұлттық жадыда тоқып қалған.

## **Қорытынды**

Ертіс өңірінің киелі географиясына қатысты келесідей ой қорытуға болады:

1. Ертіс өңірінде орналасқан киелі орындардың тарихи-мәдени астарында киелілік мәнімен сипатталған халықтың рухани символикалық өзегі жатыр. Яғни, тарихи жады, ұлттық дәстүр, діни мұра,

отбасы, тіл тоғысып халықтың тарихи-мәдени келбетін айғақтайды.

2. Ғұрыптық, мінәжаттық киелі орындар, көнеден келе жатқан қазақ халқының дәстүрлі діни көзқарасын ұстанып, рухани сауаттылықты тереңдетіп, шеттен келген деструктивті жат діни ағымдарға, шетелдік дәстүрлі емес көзқарастарға қарсы ұстанымдарды қалыптастыруға көмектеседі.

3. Киелік дәстүр туралы дүниетанымдық көзқарастар қоршаған табиғи ортаға деген құрмет пен ықылас сыңды қазақи тәрбиелікті бойға сіңіртеді, яғни, өсімдіктер мен жануарлар әлеміне ұқыпты қарау, өзен, көл суын ластамау, жалпы қоршаған табиғи мұраның сақталуын қадағалау қағидаттары.

4. Зерттеудің ғылыми нәтижелерін киелі туризм бағытының дамуына пайдалануға болады. Тарихи-мәдени маңыздылығы тұрғысынан, Ертіс өңірінің киелі нысандары өлкелік қана емес, әлемдік ауқымдағы құндылықтарға жатады. Киелі аңыз-әңгімелердің негізінде, осындай қасиетті объектілерді насихаттау арқылы еліміздің танымалдығын арттырған жөн.

5. Ертіс өңірінің киелі орындары – қоғамдық өмірдің ажырамас бөлігі ретінде интеграциялық қызмет атқарады. Қазақ халқында бауырмалдылық пен қонақжайлылық қанға сіңген қасиет болғандықтан, мемлекетіміз көпұлтты бірегейлікті сақтау бойынша толеранттылық парадигмасын ұстанады. Бұл санатта дәстүрлі мәдениетімізден сыр шертетін қасиетті орындарымыз ұлттық бірегейлікті сақтауда маңызды рөл атқарады.

Жалпы Ертіс өңірі бойынша далалық материалдар көрсеткендей, киелі орындарға зиярат жасау ғұрпы қазақ қоғамының бөлінбес бөлшегі болып табылады. Сол себепті, бұл құбылысты қазақ халқының күнделікті өмірінен жасанды жою процесстері ешқандай жақсылыққа жеткізбейтініне көз жетіп тұр.

Зерттеліп отырған ауқымды тақырыпты бір мақала аясында толықтай қамтып шығу мүмкін емес. Сондықтан болашақта жекелеген тақырыптар бойынша тереңірек зерттеулер жалғаса түседі деп ойлаймыз.

## Әдебиеттер тізімі

- Алпысбес М.А. Көшпелілер қоғамындағы «абыз» институты (шежіре деректеріндегі Құлболды әулие, Ботан, Мәстек абыздар) // ҚарМУ хабаршысы. – 2005. – №1(35). – Б. 9-16.
- Алпысбес М.А., Аршабек Т.Т., Қасен Е.Б., Кейкі Е.Е. Көне Көктау, байырғы Баянаула байтағының тарихы: монографиялық эерттеу / М.А. Алпысбес, Т.Т. Аршабек, Е.Б. Қасен, Е.Е. Кейкі. – Астана: «Парасат Әлемі» баспасы, 2005. – 480 б.
- Артықбаев Ж.О. Қазақ шежіресі: ұлы даланың қайнар көзі және тұжырымдамасы / Ж.О. Артықбаев. – Астана: Фолиант, 2015. – 496 б.
- Ассман Я. Культурная память: письмо, память о прошлом и политическая идентичность в высоких культурах древности / Я. Ассман. – Москва: Языки славянской культуры, 2004. – 368 с.
- Қасқабасов С.А. Бабалар сөзі. 100 т. / С.А. Қасқабасов. – Астана: Фолиант, 2012. – Т. 80. – 432 б.
- Бартольд В.В. Работы по исторической географии / В.В. Бартольд. – Москва: Наука, 2002. – 711 с.
- Гейнс А.К. Собрание литературных трудов / А.К. Гейнс. – Санкт Петербург: типография Станислави-ча, 1987. – 528 с.
- Жаманбалинов М., Бәделханов А. Түгел батыр және оның ұрпақтары: тарихи аңыздар, шешендік толғаулар, шежіре-деректер / М. Жаманбалинов, А. Бәделханов. – Павлодар: ЭКО, 1998. – 121 б.
- Жұртбай Т. Бесігінді аяла / Т. Жұртбай. – Астана: Фолиант, 2003. – 504 б.
- Еңсебаев Т.А. Павлодар өңірінің тарихы туралы очерктер / Т.А. Еңсебаев. – Павлодар: ПМПИ, 2017. – Т.1. – 188 б.
- Әбдіғалиұлы Б. Қазақстанның өңірлік қасиетті нысандары / Б. Әбдіғалиұлы. – Астана: Фолиант, 2017. – 504 б.
- Нысанбаев Ә. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы / Ә. Нысанбаев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 1999. – Т. 2. – 720 б.
- Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі / Ш. Құдайбердіұлы. – Астана: Алтын кітап, 2007. – 269 б.
- Кашгари М. Древнетюркский словарь / М. Кашгари. – Алматы, 2006. – 376 с.
- Көпейұлы М.Ж. Шығармалары: 20 т. / М.Ж. Көпейұлы. – Павлодар: «ЭКО» ЖШС, 2018. – Т. 9. – 366 б.
- Көпеев М.Ж. Таңдамалы: 2 т. / М.Ж. Көпеев. – Алматы: Ғылым, 2007. – Т. 1. – 273 б.
- Марғұлан Ә.Х. Шығармалары / Ә.Х. Марғұлан. – Алматы: «Алатау» баспасы, 2007. – Т. 1. – 608 б.
- Нора П. Франция-память / П. Нора. – СПб.: Изд-во Санкт-Петербургского университета, 1999. – 328 с.
- Потанин Г.Н. Избранные сочинения: в 3 т. / Г.Н. Потанин. – Павлодар: ТОО «Эко», 2005. – Т. 1. – 549 с.
- Семенов-Тянь-Шанский П.П. Россия. Полное географическое описание нашего отечества: Настольная и дорожная книга. Т. XVIII. Киргизский край / В.П. Семенова-Тянь-Шанский. – Санкт-Петербург, 1903. – 479 с.
- Хальбваск М. Коллективная и историческая память // Неприкосновенный запас. – 2005. – №2-3(40-41). – С. 8-27.

**М.И. Рахимов, А.М. Турлыбекова**

*Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан*

### **Сакральное пространство Прииртышья: историческая память и национальная идентичность**

**Аннотация.** Статья посвящена вопросам возрождения исторической памяти и национального самосознания, изучению сакральных мест Прииртышья. Прииртышье Сарыарки – место древней культуры.

Основная цель статьи – предоставить информацию о сакральных местах, забытых в результате бывшей советской тоталитарной системы. Взяв на вооружение известное марксовское выражение «религия - опиум для народа», власть Советов, чтобы в корне уничтожить религиозное сознание, традиционную систему верования казахского народа, вела идеологическую политику против устоявшегося религиозного воззрения народа. В результате атеистической политики авторитарного правительства была разрушена

традиционная духовная система казахского народа, игнорировались имена святых, закрывались святилища, а национальное самосознание оказалось под угрозой исчезновения. Мы считаем, что восстановление памяти о периоде, когда оборвалась историческая нить, возрождение прошлого - реальность, вызванная требованиями времени. Поэтому в данной работе подробно анализируется историко-культурная роль сакральных мест Прииртышья в сохранении целостности национальной исторической памяти казахского народа во время его политических процессов.

В целом полевые материалы в Прииртышье показывают, что обряд паломничества к святым местам является неотъемлемой частью казахского общества. Следовательно, ясно, что процесс искусственного устранения этого явления из повседневной жизни казахского народа не принесет никакой пользы.

Авторы, опираясь на мировоззренческие, этнографические, топонимические данные, определяют местонахождение сакральных мест Прииртышья и показывают их историко-культурное значение.

**Ключевые слова:** Иртыш; сакральный; география; история; память; национальный; священный; возрождение; религия; обычай.

**M.I. Rakhimov, A.M. Turlybekova**  
*Toraigyrov University, Pavlodar, Kazakhstan*

### **Sacred space of the Irtysh region: historical memory and national identity**

**Abstract.** The article is devoted to the issues of the revival of historical memory and national identity, and the study of sacred places in the Irtysh region.

The main purpose of the article is to provide information about sacred places forgotten because of the former Soviet totalitarian system. Using the well-known Marxian expression "religion is the opium of the people", the Soviet authorities adopted it to radically destroy the religious consciousness, and the traditional belief system of the Kazakh people and pursued an ideological policy against the established religious outlook of the people. As a result of the atheistic policy of the authoritarian government, the traditional spiritual system of the Kazakh people was destroyed, the names of saints were ignored, sanctuaries were closed, and national identity was in danger of disappearing. Therefore, during the political processes, to preserve the ethnic identity and national self-consciousness of the Kazakh people, they were emasculated, in the conditions of the proclaimed ideological setting for the construction of a single «Soviet nation». We believe that the restoration of the memory of the period when the historical thread broke, the revival of the past is a reality born of the demands of the time. The article comprehensively analyzes the historical and cultural role of the sacred objects of the Irtysh region.

In general, field materials in the Irtysh region show that the ritual of pilgrimage to the holy places is an integral part of Kazakh society. Therefore, the process of artificial elimination of this phenomenon in the daily life of the Kazakh people will not bring any good.

In this article, the authors, based on ideological, ethnographic, and toponymic data, locate the sacred places of the Irtysh region, and show their historical and cultural significance.

**Keywords:** Irtysh; sacral; geography; story; memory; National; sacred; revival; religion; custom.

### **References**

Alpysbes M.A. Koshpeliler kogamyindagyi «abyz» institutyi (shezhire derekterindegi Kulboldyi aulie, Botan, Mastek abyzdar) (Institute of «abyz» in the nomadic society (Kulboldy aulie, Botan, Mastek abyzdar in genealogical data) [Institute «abyz» in the Society of cochevnikov (abyz Kulboldy Aulie, Botan, Mastek)], Bulletin of KarSU [Kargu Bulletin]. 2005. No.1. (35). P. 9-16, [in Kazakh].

Alpysbes M.A., Arshabek T.T., Kasen E.B., Keiki E. Kone Koktau, bayyirgyi Bayanaula baytagyinyin tarihyi [History of the ancient Koktau, Bayanaul steppe: a monograph], (Parasat Alemi Publishing House, Astana, 2005, 480 p.), [in Kazakh].

Artykbaev Zh.O. Kazah shezhiresi: uly dalanyn kajnar kozi zhane tuzhyrymdamasy [Kazakh genealogy: the source and concept of the great steppe], (Foliant, Astana, 2015, 496 p.), [in Kazakh].



Assman J. Kulturnaya pamyat: pismo, pamyat o proshlom i politicheskaya identichnost v vyisokih kulturah drevnosti [Cultural memory: writing, memory of the past and political identity in the high cultures of antiquity], (Languages of Slavic culture, Moscow, 368 p.), [in Russian].

Kaskabasov S.A. Babalar sozi. [Words of ancestors: 100 t.], (Foliant, Astana, 2002, T. 80, 432 p.), [in Kazakh].

Bartold, V.V. Raboty po istoricheskoy geografii [Works on historical geography] (Moscow, 711 p.), [in Russian].

Gejns A.K. Sobranie literaturnykh trudov [Collection of literary works], (St. Petersburg, Stanislavich printing house, 1897, 528 p.), [in Russian].

Zhamanbalinov M., Badelhanov A. Tugel batyr zhane onyn urpaktary: tarihi anyzdar, sheshendik tolgaular, shezhire-dereker. [tugel batyr and his descendants: historical legends, eloquent speeches, genealogies], (Pavlodar, EKO, 1998, 121 p.), [in Kazakh].

Zhurtbay T. BeslgIndI ayala [Take care of the cradle], (Foliant, Astana, 2017, 504 p.), [in Kazakh].

Ensebaev T.A. Pavlodar oniriinin tarihy turaly ocherkter [feature article on the history of Pavlodar region], (Pavlodar, PMPI, 2017, T.1., 188 p.), [in Kazakh].

Kazakstannyin onirlik kasietti nyisandaryi [Regional sacred objects of Kazakhstan], [Astana, Foliant, 2017, 504 p.), [in Kazakh].

Nysanbaev A. Kazakstan ulttyk enciklopediyasy [National encyclopedia of Kazakhstan], ( «Kazak enciklopediyasynyn» Bas redakciyasyny, Almaty, T.2., 720 p.), [in Kazakh].

Kudaiberdiyevich Sh. Turik, kyrgyz-kazak ham handar shezhiresi [Chronicles of the Turks, Kyrgyz-Kazakhs and khans], (Astana, Altyn Kitap, 2007, 269 p.), [in Kazakh].

Kashgari M. Drevnetyurkskiy slovar. [Ancient Turkic Dictionary], (Almaty, 1999, 376 p.), [in Russian].

Kopeyulyi M.Zh. Shyiqarmalary. 20 vols. [Poems], (Pavlodar, ECO, 2006, Vol. 9, 366 p.), [in Kazakh].

Kopeyulyi M.Zh. Tandamaly, [Optional: 2 vol.], (Almaty, Gylym, Vol. 1, 273 p.), [in Kazakh].

Margulan A.Kh. Shyiqarmalary [Poems], (Almaty, Alatau Publishing House, Vol. 1, 608 p.), [in Kazakh].

Nora P. Frantsiya-pamyat. [France-memory], (St. Petersburg, Publishing House of St. Petersburg University, 328 p.), [in Russian].

Potantin G.N. Izbrannyye sochineniya: v 3 t. [Selected writings], (Pavlodar, TOO «Eko», Vol. 1, 549 p.), [in Russian].

Semenov-Tyan-Shansky P.P. Rossiya. Polnoe geograficheskoe opisanie nashego otechestva: Nastolnaya i dorozhnaya kniga. [Russia. Full geographical description of our fatherland: Table and travel book], (Kyrgyz Territory, Saint-Petersburg, 1903, 479 p.), [in Russian].

Halbvaks M. Kollektivnaya i istoricheskaya pamyat [Collective and historical memory] Emergency reserve. 2005. No. 2-3 (40-41). P. 8-27. [in Russian].

#### **Авторлар туралы мәлімет:**

*Рахимов Мәди Илялович* – Ph.D., аға оқытушы, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан.

*Тұрлыбекова Айгүл Мұхаметханқызы* – тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан.

*Rakhimov Madi Ilyalovich* – Ph.D., Senior Lecturer, Toraigyrov University, Pavlodar, Kazakhstan.

*Turlybekova Aigul Mukhamethanovna* – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Toraigyrov University, Pavlodar, Kazakhstan.